

15- дәріс

Компания қызметінің АЖ әзірлеу және енгізу, автоматтандыру инновациялық жобасы арқылы тиімділігін бағалау

1. Инновациялық жобалардың сараптамасы.
2. АТ инновациялық жобаларының тиімділігін бағалау әдістері.

Инновациялық процесті жүзеге асыру бағытын таңдау және ИЖ-ы инвестициялау туралы шешім қабылдау үшін менеджер жобаны іске асырудың әр мүмкін нұсқаларының әлеуетті маңыздылығын бағалауы тиіс.

Бұл оңтайлы нұсқаны анықтау үшін қажет.

Инновациялық жобаның тиімділігін анықтау үшін сараптама қолданылады.

Жобаның келесі көрсеткіштері сараптамалық бағалау критерийлері болып табылады:

- ғылыми-техникалық,
- экономикалық,
- экологиялық,
- әлеуметтік.

Инновациялардың ғылыми-техникалық әсері ғылымның, техниканың және технологияның әртүрлі салаларын (материалдық инновацияларды құру кезінде) дамытуда жатыр.

Ғылыми білім іске асырылатын инновациялық процесстердің негізі болып табылады.

Енгізілген жаңалықтың **ғылыми-техникалық көрсеткіштері** жүргізілген ғылыми зерттеулердің **коммерциялық маңыздылығын** көрсетеді.

Ғылыми-техникалық әсер:

- **жаңашылдықты** ескеретін, баллдармен көрсетілген, **бағалау көрсеткіштері,**
- **өнертапқыштық деңгей,**
- **инновацияның практикалық пайдасы.**

Инновацияның экономикалық әсері:


- **шаруашылық процестерді жеделдету,**
- **өнім өндіру мен қызмет көрсету шығындарын қысқарту.**

Инновацияның экономикалық тиімділігі экономиканың әртүрлі салаларында **қолдану ауқымы мен оның диффузия дәрежесіне** байланысты.

Инновацияның жоғары экономикалық нәтижесі инновацияның одан әрі дамуын ынталандырады, компанияның нарықтағы **бәсекелестігін** нығайтады.

Инновацияның экономикалық тиімділігін анықтай отырып, **инновациялық тәуекелдердің мөлшерін** есептеу қажет.

Экономикалық тиімділіктің болжамды бағалары, инновациялық қызметті іске асыру кезінде туындайтын **тәуекелдерді** ескере отырып **түзетіледі.**



АТ енгізу бойынша, ИЖ-ы іске асырудың тиімділігін бағалау кезінде, ИЖ тиімділігі және оған қатысу тиімділігі ажыратылады.

АТ енгізудің ИЖ-ң тиімділігі – оған ықтимал қатысушылар үшін жобаның ықтимал тартымдылығын анықтау және қаржыландыру көздерін іздеу үшін бағаланады.

Бұл жобаларды іске асырудың тиімділігін бағалау үшін, **дисконтталған** ақша ағыны әдісін қолданудағы қиындықтар:

- материалдық емес кірістер мен шығыстарды өлшеу мүмкіндіктері,
- болашақ төлем ағындарының калькуляциясы,
- басқару шешімдерінің икемділігін дәл бағалау және тиісті дисконт мөлшерлемесін анықтау мүмкіндіктері кездеседі.

чистый дисконтированный доход (ЧДД);
чистая современная стоимость;
NetPresentValue, (NPV).



Егер инвестициялық шығындардың рентабельділік индексі бірліктен үлкен немесе оған тең болса (әдетте, бұл жағдайда NPV оң), содан кейін жоба тиімді, әйтпесе жоба тиімсіз